

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Науаи облысы Тамды ауданындағы 10-мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы Шолпан  
Булекбаеваның бір сағаттық ашық сабақ үлгісі**

## Тұрмыс – салт жырлары

**Сабақтың тақырыбы:** Тұрмыс – салт жырлары тарауы

**Сабақтың мақсаты:** а) **Білімділік:** Оқушыларға тұрмыс-салт жырлары мен оның түрлері туралы түсінік беру, практикалық дағды қалыптастыру;

ә) **Тәрбиелік:** Оқушыларға қазақ халқының тұрмысы мен салты, әдет-ғұрпы туралы мәлімет беріп, ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыру;

б) **Дамыту:** Оқушылардың өз бетінше іздену, дербес пікірлеу, тұрмыс-салт жырларының түрлерін ажырата білу қабілеттерін дамыту;

в) **Ұлттық-егемендік идея қалыптастыру:** Оқушыларды ата кәсіп – мал шаруашылығына, салт-дәстүр сияқты ұлттық құндылықтарға құрмет рухында тәрбиелеу;

г) **Кәсіптік бағдар беру:** Мал шаруашылығына қатысты кәсіпті дәріптеу, уағыздау

**Сабақтың әдісі:** талдау, дамыта оқыту, шығармашылық жұмыстар, Венн диаграммасымен істесу, Ой қозғау

**Сабақтың түрі:** «Проблемалы оқыту», «Миға шабуыл», Науайы тәжірибесінен «Түрлі түсті қос шеңбер»

**Сабақтың жабдығы:** Ұлттық салт-дәстүрлердің, төрт түлік малдың суреттері, плакаттар, слайдтар



### Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру. Оқушыларды сабаққа жұмылдыру, сыныптық жағдайын бақылау

2. Үй тапсырмасын сұрау. **Халық ауыз әдебиеті**

1. Халық ауыз әдебиетінің олай аталу себебі не?

2. Халық ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?

3. Қазақтың ауыз әдебиетін кімдер зерттеген?

4. Суретжұмбақ

**Ж а н а т а қ ы р ы п :** Тұрмыс-салт жырлары

**Сабақтың барысы:** Тақтаға тақырып жазылып, тақырыпқа байланысты сұрақтар үлкен экранда ілінеді, оқушылар сұрақтар бойынша оқулықтан өздеріне керек жаңа мәліметтер жинау үшін тез іске кіріседі.

Тапқан мәліметтерді қол көтеріп айтып бағалана береді.

Сұрақтар:

1. Тұрмыс-салт жырлары неге олай аталған?
2. Тұрмыс-салт жырларының қандай түрлері бар?
3. Төрт түлік мал мен аңшылық туралы жырлар, Наурыз жыры тұрмыс-салт жырларының қайсы түріне жатады?
4. Қалай ойлайсың, Еңбек пен шаруашылық туралы жырлардың негізгі түрлерінің бірі төрт түлік туралы жырлар болу себебі не?
5. Төрт түлікке нелер жатады?
6. Төрт түлік молшылық көзі дегенді сен қалай түсінесің?
7. Аңшылық туралы қандай жырлар білесің?
8. Наурыз жыры неліктен еңбек туралы жырға жатқызылады деп ойлайсың?
9. «Бесік жыры», «Тұсау кесер», «Той бастар», «Беташар», «Жар-жар», «Бата», «Жоқтау», «Сыңсу» жырлары тұрмыс –салт жырының қайсы түріне жатады? (салт жырлары, әдет-ғұрып туралы)
10. Әдет-ғұрыпқа байланысты жырлардың бұлай аталу себебі не?
11. «Бесік жырының» қандай тәрбиелік мәні бар?
12. 1-1 шумақ оқыңдар.
13. Мына үзінді қайсы жырдан?

Құтты болсын қадамың.

Өмірге аяқ баса бер.

Биіктерге қол созып,

Асулардан аса бер! (Тұсау кесер)

*Той бастар*

14. Той бастар жыры қай кезде айтылады?

15. Той бастар жыры не мақсатта айтылады?

Құнан қойын сайлатып, сойдырған үй,

Табақ-табақ ет тартып тойдырған үй.

Сәтті күні сәрсенбі той қылыпсыз,

Құтты болсын тойыңыз, той қылған үй! Осы шумақта халқымыздың қандай әдет-ғұрпы, сенім-нанымдары дәріптелген?

*Жар –жар*

16. Жар-жар қай кезде айтылады?

17. Жар-жарды кім айтады?

Қара мақпал сәукеле шашың басар жар-жар-ау!

Жақсы болса, қайны атаң орнын басар жар-жар-ау! –деген жолдарды кімдер айтады? Жырдың қазақ ұлтына тән сипатын қай жерден білеміз?

18. Бұл жар-жардың қазіргі жар-жардан айырмашылығы не?

Олардың айырмашылығы мен ұқсастықтарын анықтау үшін тақтадағы түрлі түсті шеңберді толтырамыз.

19.Беташар жыры қандай салттан келіп шаққан?

29.Батаны кімдер айтады?

30.Халықта «Алтын алма, дуа ал», «Ықыласы үлкеннің батасында» деген қанатты сөздер бар. Сен бұл сөздерді қалай түсінесің?

Ала биен құлындап, Алатауға сыймасын.

Қара биен құлындап, Қаратуға сыймасын.

Бұл сағат ылғи мәлімет жинап, оқушылардың өз білімдерін ортаға салып сынауымен өтеді. Мұғалім оларды көмекші сұрақтармен жетелеп, қатесін бір-біріне тапқызып, дұрыс бағыт сілтеп отырады.

**Сабақтың нәтижелілігін** анықтау үшін төмендегіше Рейтинг айнасынан пайдаланылады. 1-топтағылар жоғарыдағы 30 сұрақ бойынша әрі мәлімет тауып, әрі дербес пікір білдіргені үшін **«5»**, 2-топ өзінше терең пікір білдірмесе де, керек мәліметті іздеп тапқаны үшін **«4»**, 3-топ дербес пікірге ие емес, тек тыңдаған мәліметке сүйенгені үшін **«3»**-пен бағаланады, оқушылар білім жиып, биікке жетуге тырысады.

**1.Бұл –менің пікірім!**

**2. Іздесем, табамын!**

**3.Тыңдағанымға сүйенемін**

**Үйге тапсырма:** Келесі сабағымызд Еңбек пен шаруашылыққа байланысты Төрт түлік мал мен аңшылық туралы жырларды үйренеміз.

Бүгінгі жинаған білімімізге сүйеніп, Төрт түлік туралы жырларды, мақалдарды, басқа да мәліметтерді жинап, жаттап келеміз. Әр түлік туралы кемінде 7 мәлімет жинап келіндер. Келесі сабағымызды

**7-ге 7** интеллектуал ойыны үлгісінде жүргіземіз

